



# ПРИОЗЁРСКИЙ

№45/533

10 ноября 2017 года

## Вестник

### QAZAQSTAN: НОВОЕ СЛОВО НА И В ЛАТИНИЦЕ

Обусловленный множественными факторами перевод государственного языка на латиницу, обоснованный Главой государства в стратегическом документе – Послании народу 2012 года «Казахстан-2050» и актуализированный в программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», после широкого обсуждения в обществе и издания Указа Президента РК «О переводе казахского языка с кириллицы на латинскую графику» закономерно вступил в период практической реализации.

Думаю, в осуществимости стартовавшей лингвокультурной реформы никто не сомневается: уж сколько раз наш прозорливый Лидер посрамил скептиков и пессимистов. Это лишь дело времени. А рубежом, напомним, определен 2025 год: «...К 2025 году делопроизводство, периодические издания, учебники и все остальное мы начинаем издавать на латинице».

На исходе юбилейно-роковой 17-й год, итога остается семь с небольшим лет... Успеем?

С учетом того, что не «езда в неизвестное» предстоит, что опыт латинизации казахского алфавита (с 1929 по 1940 год) имеется, президентски динамичные сроки выглядят вполне реалистичными.

Для убедительности расскажу об удачном эксперименте средневековой Кореи, которая свой новый алфавит – хангыль – создавала на принципиально новой графике.

Среди первых начинаний короля Ван Седжона (правил с 1418 по 1450 год) стало учреждение при дворе специального научного отдела по созданию национальной письменности, «отличающейся простотой и легкостью применения». Причем сам монарх обосновал новое направление научных поисков. Размышления Сейджона сводились к следующему. Все письменна делится на пиктографические и звуковые. Но потому как пиктографическая письменность, к коей относятся китайские иероглифы, трудна в постижении, поиски следует вести в области звукового письма.

Инициатор активно участвовал в научно-творческом процессе. Легенда гласит, что однажды, когда король сидел в своем кабинете, его внимание привлекли различные геометрические фигуры в плоскости оконной рамы. Так из простых графических конструкций вскоре был составлен первый корейский алфавит, включавший 14 гласных и 14 согласных.

Однако на этом «демократизация» грамоты еще не была завершена, алфавит продолжали совершенствовать в сторону упрощения. К примеру, задействовали еще и «начертательную» артикуляцию. Какую позицию в момент произношения того или иного звука занимают язык, нёбо, челюсти? Вот вам и легко запоминаемый портрет фонемы.

У селекционера на создание нового сорта уходит в среднем 20–25 лет, а тут новая письменность, абсолютно отрицающая предшественницу, то есть никаких основ не наследующая. То, что хангыль в 1446 году был официально утвержден, явилось своего рода научным рекордом. В результате был создан поистине народный

алфавит, включающий всего 10 гласных (плюс 11 двойных) и 14 согласных (плюс 5 двойных). Оригинальная и стройная система письменности в силу наглядности и легкости освоения быстро сделалась доступной для широких слоев общества и способствовала распространению литера-



туры на родном языке.

**Отступление от темы.** «Насквозь электронное» население Южной Кореи сегодня едва ли не самая читающая нация. Художественной литературы! Да не в электронных книгах – на бумаге. Здесь нередки тиражи в 100 тысяч экземпляров. А романисты первой десятки популярности издаются даже миллионными тиражами!

Любопытная параллель: и в Корею, и у нас инициатива языковой реформы исходит от Лидера нации. И так же, как Ван Седжон, Нурсултан Назарбаев задает тон этому процессу. Вот такая переключка времен и эпох!

Существенная деталь: задача Казахстана значительно упрощается. В связи с тем, что мы готовы унифицировать на основе латиницы элементы ряда языковых систем. Ведь и от кириллицы останется то, что особенно чутко воспринимается строем и фонетикой казахского языка.

Как уступающая пальму первенства кириллица, так и продолжающая победоносное мировое шествие латиница консервативны, почти незыблемы (об этом дальше), подобно святым писаниям. Не отсюда ли аксиоматичное выражение «азбучная истина»? Но следует помнить, что они в свое время одержали верх в острой конкуренции цивилизационного порядка. Кириллица вытеснила глаголицу (только ныне подтверждается – соперницу старшего возраста), а латиница, испив «мертвой» и «живой» воды, сказочно воскресла в калейдоскопе языковой мозаики расколовшей империю.

Нет «водораздела» между расами, этносами, языками и алфавитами. Сама История тому свидетельница. Латинский алфавит, будь то волею национального выбора или исторической судьбы, исконно используют многие славянские народы, например, поляки, словенцы, чехи и словаки. Польше это обстоятельство, явившееся преимуществом, в недавнем прошлом помогло легче войти в европейское сообщество, еще ранее – создать

превосходную литературу и науку, взрастившую миру несколько светил (чего стоит только Мария Склодовская-Кюри – единственный в мире ученый, дважды удостоенный Нобелевской премии, – и это женщина! – по химии и физике!), а чехам –

Renault. На русском эта иномарка именуется и озвучивается совершенно идентично: «рено». Вода её, я недоумевал: нельзя ли было сложносочиненную «приставку» *ault* заменить одной внятной *o*? Осознание пришло несколько позже: «реношка» оказалась ветераншей нескольких внешне «залакированных» столкновений с жесткими конструкциями, отчего нередко уходила в «аут», требуя ремонта.

Ну да ладно, я не носитель изящной французской речи и смирился с вышеописанным обстоятельством, а там и машину заменил. Куда взвскательней к родному английскому, рядящемуся в старые одежды, был великий острослов и единственный в мире обладатель престижнейшего дубля – Нобелевской премии в области литературы и «Оскара» – Бернард Шоу.

Язывительный ирландец вел яростную борьбу за «исправление» английской орфографии. Издеваясь над нелепостями правописания, классик в свойственной ему саркастичной манере расписал, как бы он, руководствуясь современной орфографией, написал слово *fish* – рыба: «Букву *f* я бы лично заменил двойной литерой *gh*, ведь в слове *laugh* (смех) она звучит именно как *ф*. Вместо *l* я взял бы *o* из слова *women* (женщины), в котором оно обозначает точно такой же звук. Для звука *u* (*sh*) сошло бы сочетание *ti* – ведь в слове *nation* (нация) именно им передается это *u*. В результате вместо *fish* мы увидели бы чисто английское написание *ghoti*. Оно ничуть не менее логично, чем половина других английских написаний».

Столь же категоричен был Оскар Уайльд, заявивший: «Англия и Америка – две страны, разделенные общим языком».

Так что потрудиться нам придется изрядно. Опираясь при этом, полагаю, на принцип древних латинян: *Festinate* (торопись медленно).

Но я убежден, что колоссальная вера в успех, присущая нашим соотечественникам, нерастратенная энергия молодой нации и органичное трехязычие интеллектуальной элиты обеспечат гармоничную адаптацию казахского языка к алфавиту «международной системы С», и наши позиции в конкурентной борьбе за выход в первую «тридцатку» тем самым только усилятся.

В принятом на днях алфавите акцент делается на апостроф – у французов «заносчивую», у наших «конструкторов азбуки» также и «боковую» запятую. Уверен, на его основе непременно выстроится яркое и убедительное казахстанское ноу-хау в современной лингвистике. Как в приложении к латинице, так и в большой интернациональной науке.

Глядишь, и гранды языкознания что-нибудь у нас позаимствуют. Как сегодня дружественные страны с благодарностью берут на гуманитарное вооружение стратегическое ноу-хау Ассамблеи народа Казахстана – казахстанскую модель общественного согласия и общенационального единства Нурсултана Назарбаева.

**АВТОР:** Александр Тараков,  
директор РГУ «Қоғамдық келісім» при  
Президенте Республики Казахстан,  
член Ассамблеи народа Казахстана,

3 ноября 2017

источник: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)



## ЦИФРАНДИРОВАНИЕ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Отандық агроөнеркәсіп кешенінің (АӨК) айтулы табысына қарамастан, біз бүгінгі таңда саланың алдында тұрған бірнеше проблемаларды бөліп көрсеткіміз келеді. Бұл тұрғыда бірінші кезекте фермерлер үшін қаржыға қолжетімділіктің төмендігін, білім мен ақпаратты таратудың тиімді құралдарының болмауы, сондай-ақ аграрлық сектордың мемлекеттік қолдаудың дамыған институттарының жетіспеуін сөз еткеніміз жөн секілді.

Осы міндеттерді шешудің жауабы көбінесе АӨК-ті цифрландыруға, яғни мемлекеттік органдардың аграрлық сектор қатысушыларымен бірге заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға және бірқатар процестерді автоматтандыруға байланысты. Бұл ретте Мемлекет басшысы атап өткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, тек абсолютті артықшылыққа жету құралы ғана. Заманауи жаһандық даму өмірдегі барлық салаға ақпараттық технологияларды енгізумен сипатталады. Канада, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, АҚШ сияқты әлемнің дамыған елдерінде жалпы тұтас қоғамды, сол сияқты жекелеген қызмет салаларын ақпараттық дамыту стратегиясы немесе кешенді бағдарламалары әзірленіп, іске асырылуда. Осы орайда Елбасы өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында елімізді цифрландыру мәселесіне айрықша тоқталғанын да айта кеткеніміз жөн. Біз цифрландыруды еліміздің отандық агроөнеркәсіптік кешенінің дамыту бойынша міндеттерді шешудің негізгі құралы ретінде қарауымыз керек. АӨК-ті басты заманауи проблемалары қаржыландырудың төмен қолжетімділігі, білім мен ақпаратты тарату деңгейінің төмендігі, сондай-ақ мемлекеттік қолдау институттарының нашар дамуы болып табылады. Бұл ретте алғашқы проблеманы шартты түрде екі құрамдас бөлікке бөлуге болады. Оның біріншісі, аграрлық саланың кредит алуымен байланысты проблемасы. Екіншісі, өнімдерді әділ бағам өткізу проблемасы. Білім мен ақпараттың таралу деңгейінің төмендігі фермерлерді оқытудың тұрақты жүйесінің және фермерлерге ауыл шаруашылығында шешім қабылдау үшін қажетті қолданбалы ақпа-

ратпен қамтамасыз ету жүйесінің болмауына байланысты. Бұл метеоақпарат, геоақпарат, нарықтық ақпарат сияқты ақпараттардың ашық түрдегі қолжетімсіздігі. Мемлекеттік қолдау институттары деңгейінің нашарлығын біз мемлекеттік ветеринариялық және фитосанитариялық ұйымдардың әрқашан сапалы бола бермейтін қызметтерінен, сондай-ақ субсидиялар, әртүрлі рұқсаттар мен құжаттар беру туралы көрсетілетін қызмет сияқты мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер сапасынан байқаймыз. Аталған проблемалар тұрғысынан цифрлы технологияларды қолдануды қарастыру қажет. Осы ретте бұл мемлекеттің ғана бастамашылығы болып қоймай, бизнес тарапынан да елеулі қимылдарды талап етеді. Яғни, АӨК-ті цифрландыру екі форматта G2B және B2B немесе «Бизнес үшін үкімет» және «Бизнес үшін бизнес» форматында шешілуі тиіс. Қазақстанда 16 жыл бұрын құнды қағаздардың жаңа түрі – астық қолхаттары айналымға енгізілді. Бұл құжат, біріншіден, астыққа меншік құқығын растайды. Екіншіден, элеватордағы астықты оның иесінің бірінші талабы негізінде босату бойынша сөзсіз міндеттемесін айқындайды. Үшіншіден, астық кепілге қойылған жағдайда, кепіл ұстаушының тиісті құқығын тіркейді. Осы институтты енгізудің негізгі идеясы сауда, кепілмен қамтамасыз ету мәні ретінде қарастырылуы мүмкін астық қолхаттарын құнды қағаз ретінде немесе ауыл шаруашылығына инвестициялар тартудың қаржы құралы ретінде қарастырылуын қамтамасыз ету екенін еске саламыз. Ең алдымен «қағаз» түріндегі астық қолхаттары жүйесін енгізу заманауи астық нарығын қалыптастыруға ықпал етті. Астықты өткізу тәртібін айтарлықтай өзгертті және Қазақстанның ауыл шаруашылығында инвестициялық климатты жақсартудың алғышарты болды. Мәселен, 2002 жылдан бастап 2015 жылдар аралығында отандық тауар өндірушілер астық қолхаттары бойынша астыққа кепілдік беру арқылы екінші деңгейлі банктен 1,5 трлн теңге немесе шамамен 10,5 млрд АҚШ доллары сомасына кредиттік ресурстар алды. Аталған проблемаларды жою, сондай-ақ астық нарығындағы жағдайды қадағалау үшін 2016 жылғы сәуірде Мемлекет

басшысы астық нарығын реттеу мәселелері бойынша заңнамалық өзгерістерге қол қойды. Оның ішінде құжатсыз, яғни астық қолхаттарының электронды формасына көшу және оларды ұстаушылардың мемлекеттік тізілімін жүргізу туралы шешім қабылданды. Бұл астық қозғалысының ашықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ астықтың іс жүзінде жоқ көлеміне астық қолхаттарын беруді доғаруға негіз болды. Қаржы құралы ретінде астық қолхатына сенімділікті арттырды. Бүгінгі күні жүйе елімізде астықтың қозғалысын және баржоғын қадағалауға ғана емес, астықты электронды саудамен сатуға мүмкіндік беріп отыр. Нарық әркім үшін қолжетімді болды. Сонымен қатар, объективті өлшем-шарттар негізінде элеваторлардың рейтингтік бағалау жүйесі де енгізілді. Бұл қолхаттарды кепіл ретінде қолдану кезінде коммерциялық банктер тарапынан электронды астық қолхаттарына сенімді артыруға мүмкіндік береді. Тек бір жыл ішінде жүйеде шамамен 5 мың клиент тіркелді және оның саны өсіп келеді. Астық қолхаттарын шығаруға, өтеу, сатып алуға және сатуға, бөлуге және шоғырландыруға байланысты 150 мыңнан астам операция жүргізілді. Ал сату бойынша тіркелген мәмілелер көлемі 13 млн тонна астықты құрады. АӨК проблемаларын жүйелі түрде шешуге мүмкіндік беретін қажетті басты АТ-жобаларды (ақпараттық технологиялар) атап өткіміз келеді. Шартты түрде осы жобаларды екі кіші топқа бөлуге болады. Бірінші топ – G2B, яғни «Бизнес үшін үкімет». Осы жобаларға субсидия беруді автоматтандыру, электронды аграрлық қолхаттарды енгізу, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен оны сатуға қадағалау жүйесін әзірлеу, ауыл шаруашылық техникасын есепке алуды реанимациялау бойынша жобаларды жатқызуға болады. Бұдан басқа жердің агрохимиялық, гидромелиоративтік, экологиялық «карталарын» цифрлау және оған кез келген шаруа қожалығының қолжетімділігін қамтамасыз ету жобасын іске асыруды да қарауымыз керек. Енді осы аталған жобалардың әрбіріне қысқаша тоқталып өтейік. Субсидиялауды автоматтандыру. Жоба ауыл шаруашылығы бөлімдері мен басқармалары мамандарының жұмысын жеңілдетеді, сыбайлас жемқорлықтың жойылуына ықпал етеді, сондай-ақ салаға сапалы талдау мен жағдайды жоспарлауға жол ашады. Электронды астық қолхаттарын іске қосу бойынша жоба фермерлерге құжаттандырылмаған емисиясыз қарыздың құнды қағаздарын шығаруға, сол арқылы одан әрі ауыл шаруашылы-



ғы өнімдерін жеткізуді немесе қарызын төлеуді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл жоба фермерлерге өз егісін алдын ала сатуға және тек банктерден ғана емес, тікелей халықтан да аса «арзан» ақшаны тартуға мүмкіндік береді. Азық-түлік өндіруші және оны экспорттаушы ретінде әлемде екінші орында тұрған Бразилияда 1994 жылы енгізілген аграрлық қолхат қазіргі таңда бразилия агробизнесінде қолданылатын айналым капиталының басым бөлігін қамтамасыз етеді, бұл шамамен жылына 20-30 млрд АҚШ доллары. Бразилия ауыл шаруашылығындағы барлық қаржылық құралдар құнының 40 пайызы дерлік осы аграрлық қолхаттарға тиесілі. Мал және өсімдік тектес өнімдерді қадағалаудың ақпараттық жүйесі «фермерден үстелге дейінгі» процесті қадағалауға қолайлы. Ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу жүйесінің жұмысы бүгінгі күні қанағаттанғысыз болып отырғандықтан оны цифрландыру қазіргі таңда техниканың кепілдігі арқылы кредит алу мүмкіндігін кеңейтуге және техниканы лизингке алу жұмысын одан әрі жетілдіруге жағдай жасайды. Жердің жай-күйі туралы мемлекеттік ақпаратты цифрлау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету жобасы елімізде «нақты егіншілік» сияқты жаңа сервистерді дамытуға мүмкіндік береді. Аталған сервистер B2B форматындағы жобаларға, «Бизнес үшін бизнеске» арналған міндет. Оларға «нақты егіншілік», онлайн-кредит беру мен онлайн-сақтандыру сияқты жоғарыда аталған сервистерді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуге арналған электронды сауда алаңдарын жатқызуға болады. Барлық жоғарыда аталған жобалар АӨК-тің басты міндеттерін шешуге оң әсер етеді, сондықтан олар үшін негізгі едергілерді жою бойынша қажетті заңнамалық қолдаумен қамтамасыз ету маңызды.

**Сапархан ОМАРОВ,**  
Парламент Мәжілісінің депутаты,  
Аграрлық мәселелер комитетінің  
торағасы  
дереккөз: [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)

## ЗАЩИТИТЬ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ ФИНСЛУГ

Вопросы защиты прав потребителей финансовых услуг обсуждались на встрече сенаторов с руководством Национального банка РК.

Открывая мероприятие, председатель Комитета по финансам и бюджету Сената Ольга Перепечина обозначила вопросы, решение которых позволит повысить уровень доверия потребителей к банковскому сектору. В частности, речь идет о рефинансировании задолженности по ипотечным займам, возложении на заемщика обязанностей по оплате разного рода комиссий, взимании с заемщика платы за открытие и ведение ссудного счета.

Сенатор указала на то, что отдельные микрофинансовые организации превышают предельный размер годовой эффективной

ставки вознаграждения, неправомерно взимают комиссии и иные платежи в ходе выдачи и обслуживания микрокредитов.

Заместитель председателя Национального банка Аллысбай Ахметов сообщил, что в период с 2006 по 2015 год по инициативе Нацбанка было принято более 40 норм, направленных на защиту прав и интересов потребителей финансовых услуг. В частности, установлен запрет на одностороннее изменение банками размеров ставок вознаграждения, запрещена внесудебная реализация залогового жилья микрокредитными организациями и кредитными товариществами.

В выступлении руководителя управления по защите прав потребителей финансовых услуг Национального банка Александра Терентьева была представлена подробная информация о мерах по поддержке ипотечных

заемщиков, вкладчиков банков, а также о реализации Программы повышения финансовой грамотности населения.

Принявший участие в дискуссии депутат Бактыбай Чельпеков высказал мнение о важности защиты прав такой категории потребителей финансовых услуг, как предприниматели.

В ходе обсуждения сенаторы интересовались ходом реализации принятых в 2015–2017 годах законодательных поправок, направленных на снижение долговой нагрузки заемщиков, создание правового поля по досудебному урегулированию задолженности, по взаимоотношениям с коллекторскими агентствами. Вопросы сенаторов Нурлана Кылышбаева и Гумара Дюсембаева касались защиты прав потребителей в страховом секторе и эффективности деятельности страхового и банковского омбудсменов по реше-

## Забота о потребителях

нию проблем между потребителями и финансовыми организациями.

Депутат Даурен Адильбеков предложил в рамках дальнейшей корректировки принятой в 2015 году Программы рефинансирования ипотечных займов охватить те категории займов, которые ранее не были включены в данную программу.

Подводя итоги, руководитель профильного Комитета Сената Ольга Перепечина отметила необходимость принятия своевременных и грамотных мер, которые позволят обеспечить стабильное и поступательное функционирование финансового рынка, отвечающего потребностям экономики, в том числе потребителей финансовых услуг.

**АВТОР: Адия Кенжегулова,**  
**30.10.2017г.**  
**источник: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)**

## ВСТРЕЧА С ЖИТЕЛЯМИ ГОРОДА по разъяснению новой системы адресной социальной помощи нового формата

02 ноября 2017 года в актовом зале Центра детского - юношеского творчества «Достық» прошла встреча с жителями города на тему «Рухани жаңғыру».

В ходе встречи специалист Центра занятости населения акимата города Приозерск дала разъяснение о новой системе адресной социальной помощи АСП нового формата по следующей информации.

С января 2018 года вводится в действие новая система АСП нового формата которая будет предоставляться взамен ныне действующих социальных выплат таких, как СПП, АСП,

ГДП. Новая модель АСП будет классифицироваться на 2 вида: безусловную и обусловленную денежную помощь.

**Обусловленная денежная помощь оказывается** - одиноким и (или) одиноко проживающим малообеспеченным трудоспособным лицам, а также малообеспеченным семьям, имеющим в своем составе трудоспособного (трудоспособных) члена (членов), при условии его (их) участия в мерах содействия занятости и (или) при необходимости социальной адаптации. Это может быть профессиональная подготовка, направление на СРМ, обществен-

ные рабочие места, трудоустройство. Обусловленная денежная помощь назначается на 6 месяцев ежемесячно или одновременно и должна быть использована исключительно на мероприятия, связанные с развитием личного подсобного хозяйства (*покупка домашнего скота, птицы и другое*), организацию индивидуальной предпринимательской деятельности. Назначается при условии дохода семьи ниже 50% прожиточного минимума.

**Безусловная денежная помощь оказывается** - одиноким и (или) одиноко проживающим малообеспеченным лицам с ограниченными возможностями, которые не могут принять участия участия в мерах содействия занятости в связи с достижением пенсионного

## Консультация специалиста

возраста, инвалидностью первой или второй группы; наличием заболевания, при котором может устанавливаться срок временной нетрудоспособности более двух месяцев и т.д. Назначается на текущий квартал и выплачивается ежемесячно.

В дальнейшем время еще будут организовываться встречи по разъяснению АСП нового формата.

**Всех заинтересованных жителей просим обращаться по адресу: ул. Балхашская 5, 114 каб. Тел.: 5 27 88;**

**Центра занятости населения акимата  
города Приозерск**



Көкейкесті мәселе

## ЕСІРТКІСІЗ, ІШІМДІКСІЗ, ТЕМЕКІСІЗ – БОЛАШАҚҚА

Ішімдік, есірткі және темекі деген кесірлер біздің қазақ қоғамына қалай және қашан енгеніне бас қатырып жүргендер көп. Алайда оның толық жауабын әзірге ешкім тапқан жоқ. Жыл санап бұлардан пайдаланатындардың көбейіп баратқандығына мемлекет те, қоғам да алаңдаулы. 2012-жылдың тамызындағы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің XVIII отырысында халық арасында маскүнемдікпен, нашақорлықпен және темекі шегумен күрес саласындағы салааралық өзара іс-әрекетті күшейту жайында, елімізде заңдық деңгейде шектеу жолымен темекі тартудың алдын алу шаралары жүргізіліп жатқаны қатты алаңдаулықпен ашық айтылған болатын. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексімен 18 жасқа дейінгі балаларға және даналап сатуға, қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салынды. Темекі қораптарына пиктограммалар түрінде кескіндемелік бейнелер салуды реттейтін ҚР Үкіметі қаулысына сәйкес суреттер темекі қорап-тарында 2013-жылдың сәуірі айынан бастап пайда болады. Темекі қораптарында пайда болатын қорқынышты суреттер жас өрендердің түйсіктеріне тез жетеді және қорқыныштан темекіні тез тастайды деген үміт ұялатады.

Темекі – адам денсаулығына қауіптілігімен қатар өзіне тәуелді ететін өнім. Темекі тартатын адам күніне орта есеппен 200 рет, айына 6 мың рет, жылына 72 мың рет ішке түгін сорады. Өкініштісі сол, темекі шегуді әу баста «ойнап» бастаған 100 адамның 80-і біртіндеп тұрақты шылымқорға айналады. Қазір медицинада темекінің мыңнан артық зияны бар екені мәлім болып отыр.

Адамдардың денсаулығын бұзып, шаңырақтың тату-тәттілігін шайқалтатын, адамды әл-қуатынан, ерік-қайратынан айыратын жаман әдеттің бірі – маскүнемдік. Ішімдік ішу тапсырылған іске салдыралақ қараушылықты, жұмысқа себепсіз кешігуге және апатқа ұшырауға әкеп соқтырады. Маскүнемдік ағайыншылыққа, сыбайластыққа, жең ұшынан жалғасушылыққа, тамыр-таныстыққа жол ашады, қылмыс жасауға итермелейді.

Ішімдікті салынып ішкен адамның бүйрегі, бауыры, жүрегі мен нерв жүйесі алуан түрлі қатерлі ауруларға шалдығады. Алкоголь «нerv уы» деп бекер айтылмаған. Ішкілік организмнің қуыс-қуысына өте тез жайылады, ақырында орталық нерв жүйесін улап, оның қоректену процесін бұзады.

Өмір өлшемі – салауаттық, салауаттық – өмір заңы. Жұбайлардың ажырасып кетуінің де көп себебі осы ішімдіктің кесірінен екені жасырын емес. Ал кешегі кенестік кезеңде жастарды бауырына тартқан нашақорлық салдарынан талай өмірлер қыршынан қиылды немесе мәңгілік науқасқа шалдығып тынды. Салауатты өмір сүрмей тұрып, өміріне қажетті нәрсені ала алмайсың.

Бүгінде халықтың тұрмыс жағдайы түзеліп, көптеген шаңырақта татулық, бірлік, иман жүзділік, тоқшылық орнаған. Адам баласының жарасымды тұрмыс құрып, үйлесімді дамуы үшін біздің елде барлық жағдай жасалған.

Өнердің, спорттың сан-салалы түрімен айналыссаң, олардың қайсысы болса да жан дүниен ләззат тауып, сезіміңе әдемі түйсік салады. Ішімдіксіз, есірткісіз, темекісіз әрі мазмұнды, әрі сәнді өмір сүруге болады. Алдамшы құмарлықтан бас тартып, өзін-өзі билей білу – адам бойындағы ізгі қасиет, үлкен парасаттылық. Жүрегіңде имандылығы бар әрбір адам бұл зиян әдеттерден аулақ жүретіні хақ.

Бір қуантарлық жағдай – Тәуелсіздіктен кейін дүниеге келген жастарымыздың осы жаман әдеттерден аулақ жүретіндігі қуантанды бізді. Байқап жүрсек бүгінде бұрынғы ата-ағаларымыздан гөрі жастар жағының жаман әдеттерге үйір еместігі айқын аңғарылады. Біздің, жалпы мемлекетіміздің болашағы саналатын жас буынның болашаққа сеніммен, зор үмітпен қарайтыны жақсы әрине. Сананы да, денсаулықты да улап болған және біз үшін ғасыр дерті болған ішімдік, есірткі және темекіден, солар арқылы келетін жат әдеттерден құтылсақ, елдің де дәулеті тасып, қоғамда тыныштық орнайды деп сенеміз.

**Гуля ҚАСЫМОВА,**  
*білім бөлімінің басшысы*

Мемлекеттік қызмет көрсету

## ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

*Өткен аптаның жұмасында қала әкімінің міндетін атқарушы Дастан Сәденов «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Халыққа қызмет көрсету Орталығының қалалық бөлімінің жұмысымен танысты.*

істейді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдайлар жасау мақсатында пандус, шақыру тетігі орнатылған.

Қала әкімінің міндетін атқарушы Д.Сәденов кездесу барысында Халыққа қызмет көрсету орталығының қызмет көрсету үрдісімен танысып, орталықтың атқарып отырған жұмысына оң баға берді. Сондай-ақ, ол электронды қолтаңба алып, өз-өзіне қызмет көрсету бұрышынан зейнетақы анықтамасын алды.

Басшының бұл әрекеті қала тұрғындарына үлгі болады деп сенеміз.

**А. Рахимбаева,**  
*Приозерск қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің басшысы*



Халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы Ерік Балтышев ХҚКО жұмысы туралы қысқаша мәлімет берді:

«Халыққа қызмет көрсету Орталығы орта есеппен күніне 130-150 адамды қабылдайды. Орталық мемлекеттік қызметтің 699 түрін, оның ішінде ықпалдасқан ақпараттық жүйе арқылы 171, электронды үкімет порталы арқылы 447 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Орталық қажетті техникамен толықтай жабдықталған. Қызмет алушылар кезек күтетін 12 орындық орын, құжаттарды қабылдап, қызмет көрсетуші 3 терезе, көрсетілген қызмет нәтижесін беретін 1 терезе, сондай-ақ, 2 орындық өз-өзіне қызмет көрсету секторы бар. Қоғамдық қолжетімділік пункті де жұмыс



## БАЛАЛАРҒА

### КҮЗГІ МЕРЕКЕ

**2017 жылдың 25 қазанында «Балақай» бөбекжайының «Шағала» тобында «Күз сыйы» атты ойын-сауық өтті.**

Көрермен ретінде кішкентай бүлдіршіндеріміздің ата-аналары мен бөбекжай ұжымы қатысты. Ертеңгіліктің негізгі мақсаты кішкентай бүлдіршіндерімізге жаң-

алғашқы белгісі «Жаңбыр» және алтын күздің символына айналған «Күз ханшайымы» келіп, балалармен «Жаңбырдың астында қалу», «Жемістер жинау» т.б. көңілді ойындар ойнатты. Үштілділікті қолдаған бүлдіршіндеріміз қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде тапқақтарын айтты. «Шалқан» ертегісін сомдағанда, қылықты бүлдір-



бырлы суық күнімен көпшілікті жауратар күз де келіп жеткендігін. Жерге сән беріп тұрған сарғайған жапырақтар, аспанда түнеріп тұрған кара бұлт бәрі-бәрі осы күз мезгілінің нышандары екенін түсіндіру.

Мерекеді бүлдіршіндер «Урожай» әнімен шашу шашып, «Жапырақтар» биін билеген кішкентай қыздарымыз мың бұралып, өздерінің тәтті қылықтарымен барша көрермендерді сүйсіндірді. Қонаққа күздің

шіндеріміздің өнерлеріне барлығы тамсанып, көтеріңкі көңілде болды. Ойын-сауыққа келген барлық көрермендер балалармен бірге «Флешмоб» билеп, мерекемізге ризашылықтарын білдіріп жатты.

**Белтаева Г.И., Қынарлова Ж.Қ.**  
*«Балақай» бөбекжайының тәрбиешілері*

## БАЗАРЛЫҚ

### КҮЗ СЫЙЫ

«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-да 1 кіші «Балапан» тобында «Күз сыйы» атты ойын-сауық өткізілді.

**Ойын-сауықтың мақсаты:** Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау. Табиғи материалдардың өмірге қажеттілігін және оны қолдану жолдарын үйрету. Табиғатты аялауға, ұқыптылыққа дағдаландыру, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу.

Табиғат жаратылысы өзіне тән жыл он екі ай төрт мезгілмен ұштасады. Әр мезгіл өз сұлулығымен таңдай қақтырарлықтай. Мысалы

суға жүгіртіп, қарынын үзілген жеміске тойдырған жаз да бар. Ал біз үшін орыны бөлек, жанымызға жақын - күз мезгілі. Басқа маусымдарға ұқсамайтын келбетімен күз де келіп жетті. Сары жапырақ қоныр салқын ауа-райы, жабырқаулы көңіл - күй, қара суық жер күзге тән қасиет. Сол әсерді балаларға сездіру үшін қонаққа күз ханшайымы келді. Күз ханшайымы балалармен амандасып, күз ерекшеліктерін түсіндіріп өтті.

Ойын – сауықта Күз ханшайымы өзінің дайындап келген «Күз жапырақтары» және «жаңбыр» ойындарын ойнатты. Балалар қызыға ойнап, көңілдері көтеріліп қалды. Күз



кыс - мамықтай жұмсақ, кіршіксіз таза көңілдей аппақ қарымен көрікті болса, ал көктемде жылғалардан су ағып, өсімдік атауы бүршік атып, ағаштар ақ гүлден моншақ тағынады, төрт - түлікте төлдеп тіршілікке жан бітеді. Айналасын жасыл кілемге төсеп дала біткенді

ханшайымы балаларға ойын соңында себеттегі сыйлығын таратты. Бұл ойын – сауықта балалардың алған әсерлері өте жоғары деңгейде болды деген ойдамыз.

**Е.Б. Түлек, Ж.П. Турлибаева,**  
*«Балақай» бөбекжайының тәрбиешілері*

## БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАНҒЫРУ

## «Я ДУМАЛ, ЧУВСТВОВАЛ, Я ЖИЛ..»

2017 жылдың 10 қарашасында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мекемесінің балалар бөлімінде орыс халқының атакты ақыны, драматург, балалар әдебиетінің классигі Самуил Яковлевич Маршактың 130 жылдығына арналған «Я думал, чувствовал, я жил...» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына №2 мектептің 2-сынып оқушылары қатысты.

**Мақсаты:** оқырмандарды С.Я.Маршактың қызықты өмірі мен шығармашылығымен таныстыру. Автордың қызықты туындылары арқылы кітап оқуға баулу.

С.Я.Маршак балаларға арналған көптеген тартымды шығармаларды дүниеге әкелген қаламгер. Ертегілері, әндері, жұмбақтары, пьесалары балғын оқырмандарды ізгілікке, еңбекқорлыққа шақырады. Табиғатты сүйеге, жер бетіндегі адамдар арасындағы сыйластықты, қарапайымдылықты сақтап қалуға үндейді. Алғашқы шығар-



масы 1907 жылы жарыққа шыққан. Балалар театрын ұйымдастырып, соған лайықтап ертегі-пьесалар жазған. «Ақымақ тышқан туралы ертегі», «Жыл бойы» т.б. шығармалары қазақ тіліне аударылған.

Тәрбие сағаты барысында оқырмандарға С.Я.Маршактың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін мазмұнды презентация көрсетілді. Автордың дауысымен жазылған өлеңін тыңдап, шығармаларынан үзінді оқып, жұмбақтар әлеміне де саяхат жасады. Оқырмандар назарына «Я думал, чувствовал, я жил...» атты кітап көрмесі таныстырылды.

Приозерск қ. ІС, МЖТДБ

В рамках программной статьи Главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» 10 ноября 2017 года в читальном зале детской библиотеки состоялся классный час «Я думал, чувствовал, я жил...», посвященный 130-летию со дня рождения известного русского поэта Самуила Яковлевича Маршака. В мероприятии принимали участие учащиеся 2 класса школы №2.

**Цель:** познакомить с основными этапами жизненного и творческого пути замечательного поэта, драматурга и переводчика, человека высокой культуры и самых разнообразных интересов и знаний Самуила Яковлевича Маршака.

Много веселых и задорных стихов написал для ребят С.Я.Маршак. Его сказки, песни, загадки, пьесы воспевают добрую силу тружеников, веселую отвагу мастеров, высмеивают лентяев, трусов, жадных. Его стихи поучительны и со-

держательны, они расширяют кругозор, воспитывают любовь к родной земле и природе, стремление к миру, уважение к народам земли, справедливости. Вниманию учащихся была представлена книжная выставка, которая знакомит не только с произведениями детского писателя и поэта, но и с его биографией, красочными иллюстрациями к его знаменитым книгам. Учащиеся посмотрели презентацию о писателе, послушали стихи в исполнении автора, разгадывали загадки, читали стихи, делились своими впечатлениями от прочитанных книг любимого поэта.

ОВП, КнРЯ г.Приозерск



## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

## Құрметті

## Қарағанды облысының тұрғындары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті аймақтың мемлекеттік органдарында, ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жақын туыстардың бірлескен жұмыс жасауы және басқа мүдделер қатығысының фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізуде.

Мүдделер қатығысы бойынша мәліметтер болған жағдайда, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары, 39 мекен-жайын хабарласуыңызды сұраймыз. Байланыс тел. 8 (7212) 50-40-75, 8-702-789-63-07 (WhatsApp), эл. мекен-жай [ds.karaganda@mail.ru](mailto:ds.karaganda@mail.ru).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті

## ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

## Уважаемые

## жители Карагандинской области

Департаментом Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области проводится работа по выявлению фактов конфликта интересов, совместной работы близких родственников и других форм аффилированности в государственных органах, организациях и субъектах квазигосударственного сектора нашего региона.

По имеющимся фактам конфликта интересов просим обращаться по адресу: г.Караганда, Бульвар Мира, 39. Контактный тел. 8 (7212) 50-40-75, 8-702-789-63-07 (WhatsApp), эл. адрес [ds.karaganda@mail.ru](mailto:ds.karaganda@mail.ru).

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействия коррупции по Карагандинской области

ЖАРИЯ ТҮРДЕГІ  
ТЫҢДАУ ӨТКІЗІЛЕДІ

2017 жылдың 8 желтоқсаны күні сағат 16-00 де, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Космонавтов көшесі, 2 үйде орналасқан "Достық" балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратында, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу Агенттігі төрағасының бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы «Коммуналдық тұрғын-үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» ҚМК бекітуге ұсынған өтініміндегі:

жылу энергиясын өндіру, жіберу және жылумен қамтамасыз ету; тарату желілерімен су жіберу; кәріз суын бұру қызметтерінің 2018-2022 жылдар үшін тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекітуге ұсынған өтінімді қарау бойынша жария түрдегі тыңдау өткізіледі.

Тыңдауға мәслихат депутаттары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік органдар, тұтынушылар мен олардың қоғамдық ұйымдары, тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдары, табиғи монополиялар нысандары өкілдері, басқада қызығушылық танытқан тұлғалар шақырылады.

Департаменттің байланыс телефондары: 8(7212) 41-18-27, 41-34-20. «Коммуналдық тұрғын-үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» ҚМК байланыс телефондары: 8(71039) 95-23-88. Өкілетті органның интернет ресурстағы мекен жайы: [www.kremzk.gov.kz](http://www.kremzk.gov.kz).

Приозерск қ. әкімдігі жанындағы «КТҮҚҚБ» ҚМК

## СОСТОИТСЯ

## ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ

8 декабря 2017 года, в 16.00 часов, по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов- 2, КГКП «Центр детско-юношеского творчества «Достық», состоится публичное слушание по рассмотрению заявки на утверждение предельных уровней тарифов и тарифных смет на услуги производства, передачи и (или) снабжения тепловой энергией; подачи воды по распределительным сетям, отвода сточных вод на 2018-20122 гг., предоставленного КГП «УЖКР» в соответствии с Правилами утверждения предельного уровня тарифов (цен, ставок сборов) и тарифных смет на регулируемые услуги (товары, работы) субъектов естественных монополий, утвержденных Приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию естественных монополий от 17 июля 2013 года №213-ОД.

На слушания приглашаются депутаты маслихатов, представители органов местного самоуправления, государственных органов, потребителей и их общественных объединений, независимых экспертов, средств массовой информации, субъектов естественных монополий и иных заинтересованных лиц.

Контактные телефоны Департамента: 8 (7212) 41-18-27, 41-34-20. Контактный телефон КГП «Управление жилищно-коммунального реформирования»: 8 (71039) 5-23-88.

Адрес интернет-ресурса ведомства уполномоченного органа: [www.kremzk.gov.kz](http://www.kremzk.gov.kz).

КГП «УЖКР» при акимате г.Приозерск

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

## ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81. Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час. Выходной - Понедельник. На маникюр и педикюр запись по тел.: 8-771-699-32-89

## УЛЫБНІМСЯ!

Глупо обижаться на человека, который не хотел тебя обидеть, и всё произошло случайно - он же не хотел этого сделать. Но ещё глупее обижаться на человека, которые намеренно хотел тебя оскорбить - это значит идти у него на поводу.

Отсюда вывод: обижаться глупо в любом случае!

\*\*\* Плохо живут те, кто ищет объяснений, почему им плохо, и хорошо живут те, кто не ищет объяснений, почему им хорошо.

**Собственник:** ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) **Веб-сайт:** [www.prio-vestnik.kz](http://www.prio-vestnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 45/533. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор:** Кенжебеков Б.А.  
**Технический редактор:** Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.